Қ.Т.Ә - 11 - 01

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

1. Менің үшін
Дүниенің дидары бұзылады.
Аяймын мен анасың,
Атасызды.
Аяймын мен құлынсың,
Ботасызды.
Бұл үзінді Қадір Мырза-Әлінің „Қызыл кітап" поэмасынан алынған. Автор қорғалған ортаны қорғауды тек бір ел аумағында ғана емес, бүкіл ғаламшарлық мәселе ретінде қарастыра білген. Оқырманды Америкаға да, Африкаға да, Еуропаға да апарады, бір кездерде бұл аумақта адам саудасы болғанын да айтады.
2. Ой, залым-ай, Жүзіқара залым-ай,
Мұнша залым екеніңді қалай келдем танымай!
Будан өткен зор қасірет болар ма
Будан өткен зор қасірет болар ма! („Нарынқұм зауалы")
1. Өлеңде арнаудың қай түрі қолданылған, оның ережесін айтыңыз
А) зарлау
Зарлау арнау - арнау өлеңнің ең көне түрі. Мұнда халықтың басына түскен қиын-қыстау кезең, немесе жеке бір адамның басына түскен ауыртпашылық, қиындық азабы ерекше ашылып көрсетіледі.
2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі және оның жасалу формасы жайлы айтыңыз
А) Егіз
Егіз ұйқас - ААББ. Бұл ұйқас түріне құрылған өлеңде ұйқастар үздіксіз жұп-жұп болып келеді.
3. Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.
Ар-ұят, намыс, кек - бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады.
Екі жай сөйлемнен құралған себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Айтылу мақсатына қарай хабарлы сөйлем
Ар-ұят, намыс, кек - бәрі ортақ болған соң - қиыса байланысқан етістікті сөз тіркесі;
Әскер достығы мағына табады - қиыса байланысқан етістікті сөз тіркесі
Терең бір мағына табады - анықтауыштық қатынасқа құрылған, қабыса байланысқан, есімді сөз тіркесі

4. Мәтінде қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жаса

Арманып: Ар - түбір, зат есім; -лан - етістік тудырушы жұрнақ; -ып - көсемшенің жұрнағы

Күйімен: күй - түбір, зат есім; -і - тәуелдік жалғауының 3-жағы; -мен - көмектес септігінің жалғауы;

Сілтеген: сілте - түбір, етістік, -ген - есімшенің жұрнағы;

Ылақпай: ылақ - түбір, етістік; -па - болымсыз етістік жұрнағы; -й - көсемше жұрнағы;

Екенін: е - түбірі; -кен - есімше жұрнағы, -і - 3 жақ тәуелдік жалғауы; -н - табыс септігі жалғауы;

Болғандықтан: бол - түбір, етістік; -ған - есімше жұрнағы; -дық - сөз тудырушы жұрнақ, -тан - шығыс септігінің жалғауы

Сыншылығы: сын - түбір, -шы - сөз тудырушы жұрнақ, -лық - сөз тудырушы жұрнақ, -ы - тәуелдік жалғауының 3-жағы

Жаратындығын: жара - түбір, -йтын - есімшенің жұрнағы, -дық - сөз тудырушы жұрнақ, -ы - тәуелдік жалғауының 3-жағы, -н - табыс септігінің жалғауы;

Қойылмағандық: қой - түбір, етістік; -ыл - ырықсыз етіс жұрнағы, -ма - болымсыз етіс жұрнағы, -ған - есімше жұрнағы; -дық - сөз тудырушы жұрнақ;

Жатырқайды: жатырқа - түбір, -й - көсемше жұрнағы, -ды - жіктік жалғауының 3-жағы

5. Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап бер

I. Асты сызылған сөздерді синониммен алмастыр

- армандып - қиялданып, ұмтылып
- жерге қаніпер еді - із-түссіз жоғалар еді
- жеңіл сөздерді - мән-мағынасы жоқ сөздерді
- өнеге жайғыш - ғибрат, тәлім-тәрбие беру
- дағдысы - үйреншікті, күнделікті, қалыпты.

II. Мәтін қай стильде жазылған?

Мәтін көркем әдебиет стилінде жазылған

III. „Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуға керек"
деген ойды үш сөйлеммен қорытындыла.

Сөз жазатын адам өз ойын толық әрі нақты жеткізе білуі керек. Сонымен қатар, сыни пікір білдіре, оқырманды түсінікті тілде өзіне қарата білуі керек. Мәселеге екі жақты қарап, оны толық қамтуы тиіс.